



БЕКІТЕМІН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

қабылдау комиссиясының төрағасы,

Басқарма төрағасы-Ректор

Түймебаев Ж.Қ.

06

2023 ж.

**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша
сұхбаттасу бағдарламасы**

Сұхбаттасу – докторантураға түсу сынақтарының міндетті бөлігі. Ол «Эссе жазу», «Оқуға дайындық тесті», «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша қабылдау емтихандарына дейін өткізіледі.

Сұхбаттасудың мақсаты:

– ғылыми-зерттеу қызметіне барынша дайын үміткерлерді іріктеу.

Сұхбаттасудың міндеттері:

- ғылыми-зерттеу қызметіне бейімділікті анықтау;
- ғылыми әлеуетті және теориялық дайындық деңгейін анықтау;
- ғылыми зерттеудің болжамды тақырыбы бойынша білім деңгейін тексеру;
- үміткерлердің ғылыми мәдениеті мен білімділігінің жалпы деңгейін тексеру.

Өткізу формасы:

Сұхбаттасу бейнежазбаны міндетті түрде пайдалана отырып, бетпе-бет немесе қашықтан жүргізіледі.

Үміткер сұхбаттасудың бетпе-бет немесе қашықтан форматын таңдауға құқылы.

Сұхбаттасудың бағалау өлшемшарттары:

№	Өлшемшарттар	Дескрипторлар	Балы
1.	Академиялық әлеует	Таңдалған БББ бойынша докторантурада оқу және белгілі бір ЖОО-ға түсу уәжін дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын пайымдауы.	1-5

2	Зерттеу қүзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	1-10
3.	Креативтілік Коммуникативтілік	Бейстандартты ойлауы, мәселелерді, жағдаяттық тапсырмаларды шешуде шығармашылық және альтернативті тұрғыдан қарай алуы. Өз көзқарасын қысқаша, репрезентативті, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйіндеу және қорытынды жасай алуы. Тілдерді меңгеруі.	1-5
Балдардың ең жоғары мөлшері			20

Сұхбаттасу кезіндегі сұрақтардың үлгісі:

- Сіз өзіңіздің болашақ зерттеу жұмысыңыздың жобасын ұсына аласыз ба?
- Зерттеу үшін дәл осы тақырыпты таңдауыңыздың себебі не?
- Осы тақырыпта зерттеулер жүргізу елімізге, университетке не береді? Бұл несімен маңызды?
- Сіздің зерттеулеріңіз тиімді болады деп ойлайсыз ба? Олар қандай практикалық нәтижеге әкеледі?
- Сіз неліктен осы ғылыми жетекшіні таңдадыңыз? (осындай таңдау болжанған жағдайда)
- Біздің университет сіздің ғылыми-зерттеу жұмыстарыңызға қалай көмектесе алады?

Ұсыныс: Үміткер ЖОО-ның және/немесе ғылыми кеңесшінің ғылыми-зерттеу қызметі туралы өзінің хабардарлығын көрсетуі керек, сондай-ақ өзінің зерттеу жобасының идеясын қорғауы қажет.

СҰХБАТ АЛУ ПРОЦЕДУРАСЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Сұхбаттасу басталғанға дейін емтихан комиссиясының хатшысы үміткердіні комиссиямен таныстырады, сұхбаттасудің басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.
2. Үміткер камераға куәландыратын құжатты көрсетуге тиіс.
3. Сұхбаттасу ұзақтығы – 20 минут.
4. Сұхбаттасу балы – комиссияның барлық мүшелерінің ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық бағасы болып табылады.
5. Сұхбаттасу нәтижелерін барлық түсу емтихандарын тапсырғаннан кейін жеке кабинетіңіздегі хабарлама арқылы білуге болады.
6. Сұхбаттасу өтетін күні хаттама жасалады (белгіленген нысан бойынша).
7. Хаттамалар мен келу парақтары қабылдау комиссиясына тапсырылады және ҰТО-ға жіберіледі.
8. Сұхбаттасу нәтижелеріне апелляциялық шағым туралы өтініш қабылдау емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ден 13.40-қа дейін қабылданады.
9. Апелляциялық шағымды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің апелляциялық комиссиясы жүзеге асырады.

II. Докторантураға түсу тәртібі

1. Білім беру бағдарламасының тобының бейіні бойынша емтихан тапсыру үшін бірдей көрсеткіштер болған жағдайда докторантураға түсу кезінде басым құқық сұхбаттасу бойынша ең жоғары баға алған адамдарға беріледі.
2. Сұхбаттасу бойынша бірдей көрсеткіштер болған жағдайда, білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін келесі ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, соның ішінде соңғы 5 жылда жарық көрген Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің басылымдарында жарияланған мақалалар ескеріледі. Сонымен қатар ғылыми әзірлемелердің сертификаттары; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы куәліктер; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін марапаттау қағаздары/дипломдар ескеріледі.

**ДОКТОРАНТУРАНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
СҰХБАТТАСУДЫҢ
КЕЛУ ПАРАҒЫ**

Факультет _____

Білім беру бағдарламалар тобы _____

Күні _____

Уақыт _____

№	Үміткердің толық аты – жөні	Қатысты / Қатыспады

Комиссия төрағасы: _____ Аты-жөні

Хатшы: _____ Аты-жөні

**ДОКТОРАНТУРАНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
СҰХБАТТАСУДЫҢ**

Хаттама № _____

Факультет _____

Білім беру бағдарламалар тобы

Күні _____

Уақыт _____

ҚАТЫСҚАНДАР:

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Үміктердің
толық аты-жөні:

Сұрақтар:

1. Академиялық әлеует (1-5 ұпай) _____

2. Зерттеу әлеуеті (1-10 ұпай) _____

3. Креативтілік, коммуникативтілік (1-5 ұпай) _____

Үміткер қабылдау емтихандарына _____ балл санымен жіберіледі

Комиссия төрағасы: _____ (аты-жөні)

Комиссия мүшелері: _____ (аты-жөні)

_____ (аты-жөні)

Хатшы: _____ (аты-жөні)